



Бекітемін
«Дарын» РГПО директоры
Г.Тұрсынов
2026 ж.

**Мамандандырылған білім беру ұйымдарының
жас педагогтері арасында өткізілетін
«Teacher's Hackathon» республикалық педагогикалық хакатон
Ережесі**

1.Жалпы ережесі

1. Осы Ереже мамандандырылған білім беру ұйымдарының жас мамандары арасында өткізілетін «Teacher's Hackathon» республикалық педагогикалық хакатонның (бұдан әрі – Хакатон) өткізудің мақсаттарын, міндеттерін және тәртібін айқындайды.

2. Осы Ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына, сондай-ақ 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

2.Хакатонның мақсаты мен міндеттері

3. Мақсаты: мамандандырылған білім беру ұйымдарының көкейкесті мәселелерін шешуге бағытталған заманауи педагогикалық идеялар мен тиімді білім беру технологиялары негізінде нақты ұсыныстар мен практикалық шешімдер әзірлеу.

4.Міндеттері:

- білім беру үдерісінде қолдануға арналған нақты ұсыныстар мен практикалық шешімдерді әзірлеу.
- жас педагогтердің креативтілігін, жобалық және командалық жұмыс дағдыларын дамыту.
- әзірленген шешімдерді талқылау және педагогикалық тәжірибеде енгізуге дайындау.
- цифрлық құралдарды, білім беру платформаларын және педагогикалық стартап элементтерін тиімді қолдану тәжірибесін кеңейту.

3.Хакатонға қатысушылар және оны өткізу тәртібі

5. Хакатонға мамандандырылған білім беру ұйымдарының еңбек өтілі 5 жылдан аспайтын жас педагогтері қатыса алады.

6. Командалар жеребе тарту қағидаты бойынша ұсынылған қатысушылар негізінде құралады.

7. Команда құрамы 5 адамнан тұрады.

8. Әр командаға ментор тағайындалады.

9. **Ментор функциясы:**

- команданы жобаны әзірлеу кезеңінде бағыттау және қолдау, идеяларды жүйелеуге көмектесу.

- команданың ұсыныстарын жүзеге асыру барысында кеңес беру, шығармашылық және практикалық шешімдерді жетілдіруге жәрдемдесу.

- жобаның практикалық және педагогикалық негіздемесін әзірлеуге көмектесу, шешімдердің оқу процесінде тиімділігін қамтамасыз ету.

- команданың уақытты тиімді пайдалануын қадағалау, жұмыс процесін ұйымдастыруға қолдау көрсету.

- презентацияны дайындау барысында логикалық құрылым мен мазмұнды жүйелеуге көмек көрсету, жобаның барлық міндетті құрамдас бөліктерін қамтуын қадағалау.

- жобаны орындау мен шешімдерді таңдау процесіне араласпау, тек бағыт-бағдар беру арқылы қолдау көрсету.

10. Барлық қатысушылар осы Ереженің регламенті мен талаптарын орындауға міндетті.

11. Хакатон екі кезеңнен тұрады:

Бірінші кезең – жобаны әзірлеу. Хакатон ұйымдастырушылары командаларға бірнеше дайын тақырыпты ұсынады.

Әр команда өз қызығушылығы мен құзыреттілігін ескере отырып, ұсынылған тақырыптардың бірін тандайды.

Құрама командалар 4 сағат ішінде жобаның өз нұсқасын әзірлеп, ұсынады.

Екінші кезең – жобаны қорғау. Әр команда әзірленген шешімді 5-10 минуттық презентация форматында ұсынады.

12. Презентацияда төмендегілер қамтылуы тиіс:

- мәселенің сипаттамасы – талданатын проблема немесе білім беру ұйымындағы өзекті мәселе.

- жобаның өзектілігі – тақырыптың маңыздығы, заманауи педагогикалық идеялар мен білім беру технологияларын қолданудың қажеттілігі.

- таңдалған шешімді негіздеу – жобада қолданылатын әдістемелер, құралдар мен тәсілдердің таңдалу себебі.

- практикалық маңыздылығы – жобаның нақты нәтиже беруі, қолдану тиімділігі.

- білім беру практикасына енгізу мүмкіндіктері – жобаны оқу үдерісінде немесе мектеп тәжірибесінде жүзеге асыру жолдары.

- жобаның кезең-кезеңімен жүзеге асырылу жоспары – негізгі іс-әрекеттер, мерзімдер, жауапты тұлғалар.

- команданың рөлі және үлесі – әр мүшенің жобадағы міндеттері мен жауапкершілігі.

4.Бағалау критерийлері

13.Жобалар төмендегі критерийлер бойынша бағаланады:

1)Қолданбалы болуы

- Құралды мұғалім ертең-ақ қолдана ала ма?
 - Ауыл жағдайына сәйкес келе ме?
 - Арнайы ресурс талап етпей ме?
- 2) Проблемаға сәйкестігі
- Шешім нақты анықталған мәселені тікелей жаба ма?
 - Проблема–шешім байланысы айқын ба?
- 3) Пайда және әсері
- Шешім мұғалімнің жұмысын жеңілдете ме?
 - Оқушылардың оқуына оң әсер береді ме?
 - Шынайы, нақты пайда сезіле ме?
- 4) Түсініктілік және қолдану ыңғайлылығы
- Құралдың құрылымы қарапайым және түсінікті ме?
 - Нұсқаулық айқын ба?
 - Мұғалім қолдану үшін көп күш жұмсамай ма?
- 5) Шығармашылық және жаңашылдық
- Идея жаңа ма?
 - Команда күтпеген, қызықты тәсіл ұсына алды ма?
 - Классикалық әдістердің жаңа қыры байқала ма?
- 6) Тұрақтылық және іске асыру мүмкіндігі
- Шешім бір реттік емес, ұзақ мерзімде жұмыс істей ме?
 - Мектептің жүйесіне енгізуге бола ма?
 - Тұрақты қолдануға жарай ма?

14. Әрбір критерий бағалану шкаласы:

- Қолданбалы болуы (30%)
- Проблемаға сәйкестігі (20%)
- Пайда және әсері (15%)
- Түсініктілік және қолдану ыңғайлылығы (15%)
- Шығармашылық және жаңашылдық (10%)
- Тұрақтылық және іске асыру мүмкіндігі (10%)

15. Жобаны бағалау жоғары баллы – 100%.

5. Хакатонның ұйымдастыру комитеті және сарапшылары

16. Хакатонды әзірлеу және өткізуді Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) жүзеге асырылады.

17. Ұйымдастыру комитеті келесі функцияларды жүзеге асырады:

- Хакатонның өткізу тәртібін, орнын және мерзімін анықтайды;
- Қатысушыларды тіркеуді ұйымдастырады және командалар тізімін бекітеді;
- Хакатонға қатысатын командалар ұсынған жобаларды бағалау критерийлерін әзірлейді;
- Хакатон менторлары мен сарапшыларының жұмысын ұйымдастырады;

А.А.Ж.

- Хакатонның сапасын, әдістемелік және ұйымдастырушылық стандарттарға сәйкестігін қадағалайды;

- Хакатон барысында туындайтын мәселелерді шешуге, қатысушыларға қажетті қолдау көрсетуге жауапты болады.

18. Хакатонның сарапшылар құрамы (эксперттік топ) келесі функцияларды атқарады:

- Жобаларды сараптау және бағалау. Қатысушылар ұсынған идеялар мен жобаларды белгіленген критерийлер бойынша (өзектілік, инновация, практикалық маңыздылық, жүзеге асырылу мүмкіндігі және т.б.) бағалау.

- Бағалау мен сараптама жүргізуде әділдік, ашықтық және объективтілік қағидаттарын сақтайды.

- Үздік жобаларды анықтау.

- Кері байланыс беру. Қатысушыларға жобалардың артықшылықтары мен әлсіз тұстары бойынша кәсіби пікір білдіру. Болашақта жобаны дамытуға арналған ұсыныстар беру.

- Сараптамалық қорытынды дайындау. Хакатон нәтижелері бойынша аналитикалық немесе ұсынымдық қорытынды әзірлеуге қатысу (қажет болған жағдайда).

19. Сарапшылар құрамына республиканың жетекші педагогикалық жоғары оқу орындарының ғалымдары, колледж өкілдері, алдыңғы жылдардағы әртүрлі деңгейдегі кәсіби шеберлік байқауларының жеңімпаздары, педагогикалық қоғамдастық өкілдері ене алады.

6.Хакатон қорытындыларын шығару

20. Хакатон жеңімпаздары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының түрлі номинациялар бойынша грамоталарымен марапатталады.

21. Хакатонның барлық қатысушыларына сертификаттар табысталады.